**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Мектепке дейінгі ұйым (балабақша / мектепке дейінгі шағын орталық):** «Х.Капанов атындағы ОХГ» балабақшасы

**Топ: «Дарын»**

**Балалардың жасы: 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы: 02.09.2025-05.09.2025 оқу жылы** **Аптаның дәйексөздері** Көктемгі әрекет – күзгі берекет

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау: таңертеңгі фильтр, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (**сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет**). **Сөздік минимум: Қайырлы таң! Салеметсіз бе? Қалыңыз қалай? Демалыста не істедің?** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық, күнделікті үй режимі, тәрбие, даму және оның жетістіктері туралы әңгімелер, жыл мезгілдеріне арналған киім туралы кеңестер. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»**<br>**«Ханталапай» ұлттық ойыны** | | | | |
| | ҚР әнұранын орындау. Балалармен демалыс күндерін қалай өткізгені туралы әңгімелесу. Сюжетті суреттер қарау. сөйлеуді дамыту) - (танымдық, коммуникативтік қызмет)<br>Еркін сурет салу қызметі-трафаретпен сурет салу<br>Міндеттері:<br>трафареттерді қолдана отырып, сурет салуды үйрету.<br>Дидактикалық ойын | «Ойыншықтармен танысу».<br>Балаларға балабақша туралы түсінік беру, балабақша мен топтың атауларын жатқа айта білуді үйрету. Сөздік қорларын дамыту. Ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. (танымдық, коммуникативтік қызмет)<br>«Өнегелі 15 минут»<br>«Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау»<br>Міндеттер.<br>Өсімдіктерді таза | «Балабақша өз үйім» сюжетті картиналар қарау.<br>Міндеттері:<br>Картиналарды қарай отырып, бала-бақша ережесімен таныстыру, сөздік қорларын дамыту, топтағы заттарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу.<br>(танымдық іс-әрекет, коммуникативтік)<br>«Пазлдар жинаймыз».<br>Міндеттер:<br>балаларға әртүрлі | «Қажетті пішінді тап» ойыны<br>Міндеттері:<br>геометриялық фигураларды ажырата білу қабілетін бекіту (танымдық, коммуникативті)<br>«Қағып ал, лақтыр - түстерді ата»<br>Міндеттері:<br>түсті білдіретін сын есімге зат есімдерді таңдау<br>(танымдық, коммуникативтік, дене шынықтыру)<br>«Төртінші артық» | Қазақстан халқы тілдері күні<br>«Тілім менің тірегім»атты тақырыбында әңгімелесу.<br>әр ұлттың өз тілінде сөйлетіні туралы ақпарат беру.Өз елінің,өзге ұлт елдерінің тілін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>(танымдық, коммуникативтік қызмет)<br>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.<br>«Ойыншықтармен танысу». |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Ағаштағы сияқты жапырақты тап». Міндеттері: : өсімдіктерді белгілі бір белгілер бойынша жіктеу.(коммуникативті, танымдық қызмет) 4) ағаштар туралы білімді бекіту.(қоршаған ортамен танысу) | ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауға үйрету. | сюжетті суреті бар пазлды құрастыру үйрету. Ойлау қаблеттерін дамыту. | Міндеттері: заттарды маңызды белгілері бойынша жіктеу, жалпылау қабілетін дамыту. (танымдық, коммуникативті қызмет) | Балаларға балабақша туралы түсінік беру, балабақша мен топтың атауларын жатқа айта білуді үйрету. Сөздік қорларын дамыту. Ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. (танымдық, коммуникативтік қызмет) |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (таспалармен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.<br>1-4- таспаны екі қолдарымен ақырын жоғары көтеріп, саусақтарын қимылдату арқылы таспамен толқынды қимылдар жасайды; 5-6 - таспаларды қолымен тік ұстап, бір жанына екі шеңбер жасайды; 7-8- осы жаттығуды келесі жаққа жасайды. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таспа ұстаған қолдары жанында.<br>1- оңға бұрылу, сол қолын оң қолына тигізу; 2- бастапқы калыпқа келу; 3-4- осы жаттығуды сол жаққа қайталау. 5-8 - таспа ұстаған қолдарымен саусақ бастарын қимылдата отырып, аяқтың ұшымен өзін айнала адымдау бұру; Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, лента ұстаған қолдарын жанына жіберу.<br>1- аяқты түзу ұстап, бір жанына қарай бұру, осы қимылмен бірге таспа ұстаған қолды төмен түсіріп, айқастырып қою; 2 - бастапқы қалып. 3- 4- аяғын ауыстырып, жаттығуды қайталау. Жаттығуды жасау кезінде аяқты бүкпей, тік ұстау керек. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.<br>1-3- алға сәл иіліп, еңкею, қолды алдына түзу ұстап, таспа ұстаған қолдарының саусақтарын қимылдатып, таспаларды толқындату; 4 - тез тіктеліп, таспа ұстаған қолдарын артына жіберу. Жаттығу 8 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, лента ұстаған қолдарын артына түзу ұстау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1- тізені бүге отырып, аяғын алдына қойып, таспа ұстаған қолдарын толқындатып, жоғары көтеру; 2- бастапқы қалып. 3-4- келесі аяғымен жаттығуды қайталау. Жаттығуды әр жағына 5-6 реттен қайталау.<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таспа ұстаған қолдары төменде. 1-4 - таспа ұстаған қолдарын оңға - жоғары, солға - төмен қимылдата отырып, өзін айналу. Таспамен толқынды қимылдар жасау. Жаттығуды 4-5 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.<br>1 - оң қолын жоғары, сол қолын артқа жіберу; 2 - қолдарын алмастырып, жаттығуды қайталау. Жаттығу 8-10 рет қайталанады. | | | | |
| **Таңғы ас** | **Таңғы ас алдында гиигиеналық рәсімдерді орындау** (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)<br>**Кезекшілердің жұмысы** (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу)<br>**Гигиеналық процедуралар** (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою, көркем сөзді қолдану, мысалы, "Су, су менің бетімді жу")<br>**Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, үстел құрылғыларын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты қабылдау, сөйлеспеу, Алғыс айту) | | | | |
| **Ұйымдастырылған қызметке дайындық (ҰҚ)** | **«Өнегелі 15 минут»**<br>**«Үнемді тұтыну»** «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру, бойынша әңгімелесу | | | | |
| | «Ұшты, ұшты».<br>Міндеттері: : есту қабілетін дамыту (қоршаған ортамен танысу, танымдық қызмет) | Дидактикалық ойын «Кім көбірек біледі?».<br>Міндеттері: : есте сақтау қабілетін, тапқырлығын дамыту.<br>(қоршаған ортамен танысу) | Дидактикалық ойын «Сол пішіндегі затты тап».<br>Міндеттері: : заттардың пішіні туралы түсінікті нақтылау.<br>(математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру) | Дидактикалық ойын «Қандай өсімдік екенін болжа».<br>Міндеттері: : тақырыпты сипаттау және оны сипаттау арқылы білу.<br>(қоршаған ортамен таныстыру) | Дидактикалық ойын «Ұқсас-ұқсас емес».<br>Міндеттері: : заттарды салыстыру; олардан айырмашылықтың белгілерін табу; ұқсастықтар, сипаттама бойынша заттарды тану.<br>(қоршаған ортамен танысу ) |
| **Ұйымдастырылған қызмет** | 1.Сөйлеуді дамыту<br>«Балабақша өз үйім»<br>Міндеттері: Балаларға балабақша туралы түсінік беру. Сөйлеуде сөйлемдердің әртүрлі түрлерін қолдануға үйрету.Балалардың | 1.Сауат ашу<br>«Дыбыс»<br>Міндеттері: дыбыс туралы түсінік беру. Табиғи дыбыстарды, жан-жануардың дыбыстарын ажыратуға үйрету, | 1.Көркем әдебиет<br>«Білімің – бұлағың» (Ақылбек Шаяхметовтің өлеңі)<br>Міндеттері: әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы | 1. Сауат ашу<br>«Дыбыс»<br>Міндеттері: дыбыс туралы түсінік беру. Табиғи дыбыстарды, жан-жануардың дыбыстарын ажыратуға үйрету, | 1.Математика негіздері<br>«Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау» бекіту.<br>Міндеттері: кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балабақша қызметкерлерінің жұмысына деген қызығушылығын, олардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>2.Мүсіндеу, сурет салу, жапсыру, құрастыру<br>«Менің сүйікті ойыншығым»<br>Міндеттері: Балалардың қалауы бойынша ойыншықтардың суретін салу,жапсыру, мүсіндеу.құрасытру. Акварель бояуын, щетканы, желімді, ермексазды, қолдануға машықтану, шығармашылықты дамыту.Бейнелеу өнеріне деген қызығушылықты арттыру.<br>3.Математика негіздері<br>«Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау»<br>Міндеттері: кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру. | сөзді айту үшін адамға дауыскерек екенін түсіндіру. Көрсетілген бағыттары бойынша үзік сызықтарды қосып дұрыс бастыра білуге үйрету. Ұқыптылыққа, бастаған жұмысын тиянақты аяқтауға тәрбиелеу.<br>2. Музыка<br>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.<br>3. Қазақ тілі<br>Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтарыи | түсінігін қалыптастыру Өлеңнің баяндау сипатын сезінуге баулу. Тілдік ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту. Өз ойын жеткізіп айта білуге тәрбиелеу.<br>2. Дене шынықтыру<br>Дене шынықтыру<br>Сапқа тұру.<br>ЖДЖ: Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру<br>Негізгі қимыл:<br>сап түзеу, сапқа қайта тұру сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.3. Сауат ашу<br>«Дыбыс»<br>Міндеттері: дыбыс туралы түсінік беру.Табиғи дыбыстарды, жан-жануардың дыбыстарын | сөзді айту үшін адамға дауыскерек екенін түсіндіру. Көрсетілген бағыттары бойынша үзік сызықтарды қосып дұрыс бастыра білуге үйрету. Ұқыптылыққа, бастаған жұмысын тиянақты аяқтауға тәрбиелеу.<br>2. Музыка<br>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.<br>3. Қазақ тілі<br>Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтарыи | Балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау. Логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.<br>2.Көркем әдебиет<br>«Білімің – бұлағың» (Ақылбек Шаяхметовтің өлеңі) қайталау.<br>Міндеттері: әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін қалыптастыру Өлеңнің баяндау сипатын сезінуге баулу. Тілдік ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту. Өз ойын жеткізіп айта білуге тәрбиелеу.<br>3.Қоршаған ортамен танысу<br>«Балабақша ауласына саяхат»<br>Міндеттері: Балабақша ауласымен таныстыру. Экологиялық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға<br>үйрету.<br>Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға,<br>төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау.Логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.<br>4.Дене шынықтыру<br>Сапқа тұру.<br>ЖДЖ: Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою.<br>Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру<br>Негізгі қимыл:<br>сап түзеу, сапқа қайта тұру сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта | туралы.<br>4.Математика негіздері<br>«Қай жерде?»<br>Міндеттері: :<br>кеңістікті шарлау қабілетін дамыту: сол, оң, жоғарғы, төменгі. Балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуды жетілдіру.<br>Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға,<br>төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау.Логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу. | ажыратуға үйрету, сөзді айту үшін адамға дауыскерек екенін түсіндіру. Көрсетілген бағыттары бойынша үзік сызықтарды қосып дұрыс бастыра білуге үйрету.<br>Ұқыптылыққа, бастаған жұмысын тиянақты аяқтауға тәрбиелеу.<br>4.Қоршаған ортамен танысу<br>«Балабақшамызға экскурсия»<br>Міндеттері:<br>Балаларды балабақша мекемесімен таныстыру.Балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы балаларға түсінік беру. Балабақша қызметкерлеріне құрмет көрсетуге тәрбиелеу. | туралы.<br>4.Сөйлеуді дамыту<br>«Балабақша қызметкерлері»<br>Міндеттері:<br>:Балабақшада жұмыс істейтін қызметкерлер туралы білімдерін бекіту. Берілген тақырып бойынша диалогқа қатысу қабілетін дамыту.<br>Балабақша қызметкерлеріне құрмет көрсетуге тәрбиелеу. | мәдениет негіздерін қалыптастыру.<br>Балалардың Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін кеңейту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты карауды қалыптастыру.<br>Адам мен табиғаттың байланысы туралы қарапайым түсініктер беру. Жерге, оның байлығына ұқыпты қарауға тәрбиелеу.<br>4.Дене шынықтыру<br>Жүру.<br>ЖДЖ: Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою.<br>Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру<br>Негізгі қимыл:<br>Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұру. | | | | |
| **2- таңғы ас** | Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.<br>«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру, бойынша әңгімелесу. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарымен және спорттық керек-жарақтармен балалармен әңгімелесу.<br>Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау(**сөйлеуді дамыту, өзіне қызмет көрсету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| | **«Қауіпсіздік сабағы»**<br>Тақырыбы:Еңбек қауіпсіздігі<br>Мақсаты: балаларды еңбек әрекеті кезінде құралдарды ұқыпты пайдалануға дағдыландыру. | | | | |
| **Серуен** | Көлеңкені бақылауды жалғастыру.<br>(қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)<br>Міндеттері. Көлеңке құбылысына қызығушылықты ояту; көлеңкенің жарық күнмен тікелей байланысын көрсету; байқағыштыққа тәрбиелеу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Педагог көлеңкенің тек күн (жарық) түскенде пайда болатынын көрсетеді, айтып түсіндіреді.<br>Абай Құнанбайұлы "Көлеңке басын ұзартып".<br>Көлеңке басын ұзартып, | Аула құстарын бақылауды жалғастыру.<br>(қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)<br>Көркем сөз.<br>Торғай, торғай тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып-ап<br>Бөтегесі томпиып<br>Шиқ-шиқ етіп отырар.<br>Торғай-торғай тоқтаған,<br>Торғайды торғай мақтаған.<br>Бір торғай ұшса боранда,<br>Бәрі жабылып жоқтаған.<br>- Балалар, біз бақылаған құс қалай аталады?<br>- Бұл құс немен қоректенеді? Қайда мекендейді? Бұл | Күнді бақылауды жалғастыру.<br>(қоршаған ортамен танысу)<br>Міндеттері. Серуендеуге, күнге қызығушылықты ынталандыру.<br>Күннің кешке қарай көкжиекке түсетінін көрсету, күннің салқындау болғанын сезінуге шақыру.<br>"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)<br>Міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; | Аспанды бақылауды жалғастыру.<br>(қоршаған ортамен таныстыру)<br>Міндеттері. Балаларға көк аспанның кеңдігін тамашалауды үйрету; бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін байқау; бұлттың қозғалысын бақылау; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу.<br>Ашық аспанда бұлтты байқау оңай, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтынын немесе ыдырап кететінін бақылау.<br>Жұмбақ. (көркем әдебиет) | Теректі бақылау.<br>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)<br>Міндеттері. Бақылау барысында теректің құрылымының ерекшеліктерімен таныстыру.<br>Тақпақ.<br>Жақсылықты қолдаймыз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>Терек егеміз бақтарға,<br>Айналасын қоршаймыз.<br>- Балалар, бұл терек ағашы. Терек ағашына жақындау.<br>- Терек - жылдам өсетін ағаш. Ерте көктемде жапырағы шықпай тұрып, сырға секілді ақ гүл жарады. Жапырағы жұмыртқа пішіндес, жиектері аратісті.<br>Жапырақтары гүлдеген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Алысты көзден жасырса;<br>Күнді уақыт қызартып,<br>Көк жиектен асырса...<br>Іс-тәжірибеде балаларға ұнаған қимылдарды жасатып, көлеңкенің айнадай тура сол қимылдарды қайталайтынын, көлеңкенің қара, сұр түсті ғана болатынын байқату.<br>Еңбек әрекеті: құрап түскен жапырақтарды жинау. (қоршаған ортамен танысу, еңбекке баулу дағдылары)<br>Міндеттері. Балалардың қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру.<br>"Үрпек төбет" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)<br>Міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға баулу; бір бағытта, бірін-бірін қақпай, жылдам жүгіруге жаттықтыру; ұйымшылдыққа | құстың адамға пайдасы бар ма?<br>«Құстар және түлкі» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)<br>Міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір жерге жиналуға дағдыландыру; ойын барысында кейіпкерлердің рөлін аяғына дейін сомдауға, бір-біріне соғылмай қимылдауға, ережені бұзбауға жаттықтыру; достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>"Түлкіні" санамақ арқылы таңдап алуға болады.<br>Ойын барысында балалардың алаңда секіру, жүгіру мүмкіндіктері қадағаланады.<br>"Кеглиді қағып ал" жаттығуы.<br>Міндеттері. Допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке,ептілікке, | (вестибуляр) тепе-теңдік аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Шарты: балалар "күн" дегенде барлығы қыдыруға шығады. Ал "жаңбыр" дегенде қолшатырдың айналасына жиналады.<br>"Кеглиді қағып ал" жаттығуы. (дене шынықтыру)<br>Міндеттері. Допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.<br>Еңбек тапсырмасы: ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру.<br>Міндеттері. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойындары. | Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып.<br>Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт.)<br>Тақпақ.<br>- Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>- Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>- Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет.<br>"Не жөнінде айтылады?" ойыны.<br>Міндеттері. Сын-сипатына қарай табиғат құбылысын шеше білуге машықтандыру (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр бұлттар ұшады, найзағай ойнайды).<br>"Доппен лапта ойнау" қимылды ойыны.<br>Міндеттері. Екі топқа бөлінуді үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай | кезде терек жасыл қалпақ киген сияқты, жазда теректен мамық ұшады. Ағаштың жапырақтарымен бірге бұтақтар тәж деп аталады. Терек ауаны жақсы тазартады, ағаштың тамыры жерден ылғал алады, ол көп жылу береді. Терек ағашы жұмсақ, жеңіл болады, одан қағаз бен сіріңке, ойыншықтар жасайды.<br>Еңбек әрекеті: терек жапырақтарын жинау, балаларды еңбек нәтижесіне өз үлестерін қосуды үйрету.<br>"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)<br>Міндеттері. Балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуды және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру.<br>Құралдар: таратпалы таңбалауыштар (гүлдер мен аралар).<br>"Допты ұстап ал" ойыны. (дене шынықтыру)<br>Міндеттері. Ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту; доппен ойындарға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу.<br>«Теректей биік болып өсейік» жаттығуы. (дене шынықтыру)<br>Міндеттері. Балаларды бір бағытта аяқ ұшына тұрып, тепе-теңдікті сақтап жүруге дағдыландыру; жүргенде қолдарды жоғары көтеріп, аяқты өкшеге баспай жүру қабілетін дамыту.<br>Балалардың еркін ойнайтын ойындары. | зеректікке баулу.<br>Еңбек әрекеті: қолөнер сабақтарына табиғи материалдарды жинау.<br>Міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру.<br>Балалардың еркін ойындары. | | отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту.<br>Еңбек әрекеті: қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен).<br>Міндеттері. Балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу.<br>Құралдары: қолғаптар, қаптар.<br>Педагог балалардың шөптерге аллергиясы болуын ескеруі тиіс.<br>Балалардың еркін ойыны.<br>Міндеттері. Балаларға өз бетінше ойын тақырыбын таңдауды үйрету. | қызығушылықты арттыру.<br>Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар.<br>Міндеттері. Допты қағып алу және лақтыру жаттығулары.<br>Балалардың еркін ойыны.<br>Міндеттері. Балаларға өз бетінше ойын тақырыбын таңдауды үйрету. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын әрекеті) | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)<br>Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу)<br>Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою, көркем сөзді қолдану, мысалы, "Су, су менің бетімді жу")<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, үстел құрылғыларын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты қабылдау, сөйлеспеу, Алғыс айту) | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау (тыныш музыка тыңдау). Кітап, журнал оқу **(көркемдік қызмет)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка) | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру емшаралары (дене жаттығулары, қарама-қарсы ауа ванналары, суда шынығу, Жалпақтабандылықтың алдын алу міндеттері: нда ортопедиялық жолмен жүру) **(дене белсенділігі)** | | | | |

<table>
<tr><td>Бесін ас</td><td colspan="5">Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту (сөйлеуді дамыту) «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру, бойынша әңгімелесу.<br>Сөздік минимум: Ас болсын! Рахмет. Бесін ас. Қасық, сүт, ботқа</td></tr>
<tr><td>Дербес әрекет</td><td>«Тіл - менің тірегім» мәнерлеп оқу сайысына дайындалу. балалармен тіл туралы шағын тақпақтар жаттау. Есте сақтау ойлау қаблеттерін, сөздік қорларын дамыту. Оларды айту кезінде өздерін дұрыс ұстай білуге тәрбиелеу. (танымдық іс-әрекет, коммуникативтік)<br>«Тез жауап бер» дидактикалық ойыны. Міндеттері: түстерді, пішіндерді, сапасын дұрыс атай білуге дағдыландыру. Ойын шарты: Балалар шеңберде тұрады, допты кім қағып алады сол бала заттың аты мен түсін айтып допты келесі балаға лақтырады. «Жасыл»- жапырақ, «көк»- аспан, «сары»- күн, «қызыл»- гүл, «ағаш»- отырғыш, «тас»- үй, «темір»- қасық т. б. Ойынды</td><td>«Балбырауын» күйі тыңдау. музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, түсіну, құрметтеу, ұлттық мәдениетке деген қызығушылықты арттыру, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру. (шығармашылық бейнелеу қызметі,музыка)<br>«Азық түлік» дүкені Міндеттері: дүкен ойнауға арналған өнімдерді салу, жапсыру, мүсіндеу (музыка, шығармашылық бейнелеу қызметі Міндеттері: орынды анықтау (математика негіздері,)<br>мақал-мәтелдер жаттау арқылы балалардың есте сақтау қаблеттерін,сөздік</td><td>«Тілім менің тірегім» вариативтік компонент. Міндеттері: балаларға тіл мерекесі туралы түсінік беру. Өз ана тіліне деген қызығушылықтарын арттыру. Өз тіліне құрметпен қарауға тәрбиелу. (танымдық іс-әрекет, коммуникативтік)<br>Үстел үсті ойындары «Мозаика» Міндеттері: Балаларға әр түрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету. (танымдық іс-әрекет, коммуникативтік)</td><td>«Мен бастаймын сен жалғастыр» ойыны вариативтік компонент. Міндеттері: ана тілі туралы шағын тақпақтар жаттап айту. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту қаблеттерін жетілдіру. ( коммуникативті, танымдық қызмет)<br>Дидактикалық ойын «Бұл қандай құс?». Міндеттері: балаларға құстарды тән белгілері бойынша сипаттау және оларды сипаттау арқылы тану. ( коммуникативті, танымдық қызмет)<br>«Жемістер дүкені» сюжеттік рөлдік ойыны Міндеттері: жемістер туралы түсініктерін кеңейту (қоршаған ортамен танысу, коммуникативті, танымдық қызмет)</td><td>«Тіл - менің тірегім» мәнерлеп оқу сайысы. балалармен тіл туралы шағын тақпақтар айту. Есте сақтау ойлау қаблеттерін, сөздік қорларын дамыту. Оларды айту кезінде өздерін дұрыс ұстай білуге тәрбиелеу. (танымдық іс-әрекет, коммуникативтік)<br>«Сиқырлы сандар» дидактикалық ойыны Міндеттері: аталған санға сәйкес 10 шегінде сапқа тұру. (математика негіздері,дене шынықтыру,каз.тіл.)</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйренгесін тапсырманы күрделендіруге болады. Бір сөзбен жауап бермей екі,үш сөзбен жауап беруге болады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру) | қорларын дамыту. (танымдық іс-әрекет, коммуникативтік) | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | «Тіл - менің тірегім» мәнерлеп оқу сайысы. арналған өлеңдерді қайталау, таза сөйлеу. Міндеттері: :артикуляциялық аппаратты дамыту. (коммуникативті қызмет) Елнұр, Альнұр | Тіл туралы мақалдар қайталау Міндеттері: Мәтінді нақты және дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру. (коммуникативті қызмет) Айя,Мариям | «Өз мекен-жайың" Міндеттері: :балаларды айт» мекен-жайын дұрыс атауға үйрету (ойын, коммуникативтік қызмет) Хадия, АЙя | Көшеде бейтаныс адамдармен қалай қарым-қатнас жасау керек. Міндеттері: : көшеде жүріс-тұрыс ережелерін үйрету, басқалармен сөйлеспеу. (коммуникативті қызмет) Амир.Амина | «Қажетті суретті тап» Міндеттері: Логикалық ойлауға үйрету, күн тәртібіне қажет іс-әрекетті еске түсіру; қай кезде, не істелетінін айтуға үйрету. (сөйлеуді дамыту-ойын, коммуникативті іс-әрекет) Мансур,Нурислам |
| **Серуенге дайындық** | | | | | |
| | Жүйелі киіну( ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту. | | | | |
| **Серуен** | Балалардың қалауы бойынша өз беттерімен ойнау: ойындағы дербестігін дамыту. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналармен денсаулық, үй режимі, тәрбие, даму және оның жетістіктері туралы әңгімелер, жыл мезгілдері бойынша балалардың киімдері. | | | | |
| | Кеңес: «Балалардың балабақшаға бейімделуі» | Бала тәрбиесі бойынша жеке сұрақтар | «Тілім менің тірегім» мәнерлеп оқу сайысына балаларға тақпақ беру. | Кеңес «Балабақша күн тәртібін сақтайық» | Демалыс күндеріндегі күн тәртібін ұйымдастыру. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Мектепке дейінгі ұйым (балабақша / мектепке дейінгі шағын орталық):** «Х.Капанов Атындағы ОХГ» балабақшасы

**Топ: «Дарын»**

**Балалардың жасы: 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы: 08.09.2025-12.09.2025 оқу жылы** **Апта дәйексөзі**

Тіл мәртебесі - ел мәртебесі

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейс Енбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау: таңертеңгі фильтр, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (**сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет**). | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық, күнделікті үй режимі, тәрбие, даму және оның жетістіктері туралы әңгімелер, жыл мезгілдеріне арналған киім туралы кеңестер. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»**<br>**«Асық ату» ұлттық ойыны** | | | | |
| | ҚР әнұранын орындау. Міндеттері: Балаларда патриоттық тәрбиені қалыптастыру. ҚР әнұранын жатқа айту. (музыка)<br>«Өнегелі 15 минут»<br>«Бөлме өсімдіктеріндегі топырақты қопсыту». Міндеттері: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; (танымдық, | «Кітап-менің қазынам» кітап бұрышында кітаптар қарау. Міндеттері: балаларға кітап бұрышында қалаулары бойынша кітаптар қарау,кітаптарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. (танымдық, коммуникативтік қызмет)<br>«Отбасы» сюжеттік рөлдік ойыны міндеттері: : | «Өнегелі 15 минут»<br>Топтағы еңбек: Міндеттері: Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге үйрету. (әлеуметтік дағдыларды дамыту, еңбек қызметі)<br><br>Баяу қимылды-ойын. «Допты қағып ал!» Міндеттері: лақтыру, қағып алу дағдыларын жетілдіру. Допты жоғары | Сюжеттік-рөлдік ойын «Кітапхана» Міндеттері: балаларда алынған білім негізінде сюжетті дамыту қабілетін қалыптастыру, (коммуникативті, танымдық)<br>Шығарамашылық бұрышта ойындар «Музыкалық аспаптармен танысайық» Міндеттері: музыкалық және | «Сәлем - сөздің анасы. Кел, танысайық!" Міндеттері. Қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдау, түсіну, қабылдауды үйрету, ересек адамның үлгісі бойынша амандасуды, қоштасуды, өзін таныстыруды білдіретін сөздерді түсініп, қарым-қатынаста қолдана алу. (танымдық, коммуникативтік қызмет)<br>«Қажетті пішінді тап» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | коммуникативтік қызмет)<br><br>«Алдымен не? Содан кейін не болады?» Міндеттері: логикалық тізбектер құру. (коммуникативтік танымдық қызмет, қазақ тілі) | үлкендерге құрметпен қарауға тәрбиелеу(коммуникативтік,танымдық қызмет, каз.тілі, математика негіздері) | лақтырып, қолды артқа жіберіп шапалақтап, допты саусақтарын ашып, қайтадан қағып алады. (физикалық қасиеттерді дамыту) Үстел үсті ойыны: «Пазылдар құрастырайық» Міндеттері:Пазлдарды құрастыра отырып ойлау қабілетін,қиялын дамыту. | шулы ойыншықтардың, дыбысталуын ажырату. Ағаш қасық, сылдырмақ, асатаяқ, домбыра, және металлофонмен таныстыру, қарапайым әуендерді ойнау. (музыка, шығармаылық іс-әрекет) | ойыны Міндеттері: геометриялық фигураларды ажырата білу қабілетін бекіту (танымдық, коммуникативті) |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Жалпы дамыту жаттығулары (сылдырмақтармен).<br>1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолмен сылдырлатады.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.2. Бастапқы қалып.<br>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып - жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдар екі жақта.<br>3.1. Аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Сылдырмақтарды артқа ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>(дене шынықтыру) | | | | |
| **Таңғы ас** | **Таңғы ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау** (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Кезекшілердің жұмысы** (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу)<br>**Гигиеналық процедуралар** (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою, көркем сөзді қолдану, мысалы, "Су, су менің бетімді жу")<br>**Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, үстел құрылғыларын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты қабылдау, сөйлеспеу, Алғыс айту) | | | | |
| **Ұйымдастырылған қызметке дайындық (ҰҚ)** | **«Өнегелі 15 минут»**<br>Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге үйрету. | | | | |
| **Ұйымдастырылған қызмет** | 1.Сөйлеуді дамыту<br>«Отбасым – кішкетай отаным»<br>Міндеттері:<br>Балалардың отбасы туралы ұғымдарын кеңейту; отбасы туралы түсінік бере отырып, отбасы мүшелерінің аталуын жатқа айтуды үйрету; өз отбасы туралы шағын әңгімелеп беруге жаттықтыру; балабақша мен отбасының байланысы туралы түсінік беру. Отбасы мүшелерінің атаулары арқылы балалардың ойлауы мен зейінін, есте сақтауы мен қабылдауын, тілі мен дүниетанымын дамыту. Өз отбсындағы адамдарды сыйлай білуге тәрбиелеу.<br>2. Дене шынықтыру<br>Жүру. | 1.Сауат ашу<br>«Дыбыс» және «сөз»<br>Міндеттері: «дыбыс» және «сөз» туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.<br>Табиғатта түрлі дыбыстардың бар екенін білдіру, олардан адамның дауысын ажыратуға үйрету, дауыс ауызбен айтылып, құлақпен естілетінін түсіндіру.<br>Екі, үш, төрт дыбыстан тұратын сөздер ойлату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың сөздік қорын жаңа сөздермен байыту.<br>Ұқыптылыққа, бастаған істі аяқтай білуге баулу.<br>2. Музыка<br>Балаларды шығармалардың | 1.Көркем әдебиет<br>Әкесі мен балалары<br>(Лев Толстойдың әңгімесі)<br>Міндеттері:сюжеттік бірізділікті сақтап, қисынды мазмұндауға баулу.<br>Әңгіменің кейіпкерлерімен таныстыру.Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру.. Өз ойын айта білуге, басқаның пікірін тыңдай білуге тәрбиелеу.<br>2. Дене шынықтыру<br>Жүру.<br>ЖДЖ: Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою.<br>Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру | 1. Сауат ашу<br>«Дыбыс» және «сөз»<br>Міндеттері: «дыбыс» және «сөз» туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.<br>Табиғатта түрлі дыбыстардың бар екенін білдіру, олардан адамның дауысын ажыратуға үйрету, дауыс ауызбен айтылып, құлақпен естілетінін түсіндіру.<br>Екі, үш, төрт дыбыстан тұратын сөздер ойлату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың сөздік қорын жаңа сөздермен байыту.<br>Ұқыптылыққа, бастаған істі аяқтай білуге баулу.<br>2.Музыка<br>Музыка<br>Балаларды | 1.Математика негіздері<br>«Біреу көп»<br>Міндеттері:<br>заттар жиынынан дара затты ажырата бөлу білігін қалыптастыру.<br>«бір» сөзінің мағынасымен таныстыру. «Бір» деген ұғым – бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін ұғындыру, «біреу» және «көп» («бірнеше»), «бірдей және түрлі түсті» терминдерін енгізу.<br>Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату білігін бекіту.<br>Назар аудару, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ЖДЖ: Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру<br>Негізгі қимыл:<br>Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру;<br>3.Мүсіндеу, сурет салу, жапсыру,құрастыру<br>«Күзгі орман»<br>Міндеттері: күзгі орманның мазмұнын көре білуді үйрету. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Қылқаламмен және қайшымен, жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.Табиғи материалдармен ермексазды қолану арқылы орман көрінісін | эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.Музыкалық | (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру<br>Негізгі қимыл:<br>Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың | шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.Музыкалық | Шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>2.Дене шынықтыру<br>Жүру.<br>ЖДЖ: Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру<br>Негізгі қимыл:<br>Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру;<br>3.Көркем әдебиет<br>«Отбасы» өлеңі<br>Міндеттері: өлеңді логикалық екпінмен, үзілістермен жатқа айтуға дағдыландыру. Өлең мазмұнын мәнерлеп айтуға үйрету.<br>Байланыстырып сөйлеуін жетілдіру.<br>Отбасындағы |

